

## Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы 28 ақпандағы № 1340 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 1 наурызда № 6724 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 13 наурыздағы № 184 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы әкімдігінің 13.03.2020 № 184 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 2-тармағының 8-3) тармақшасына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы бекітілсін.

2. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 5 шілдедегі № 1159 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 6372 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 12 шілдеде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. "Қызылорда облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р.Р. Рүстемовке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда облысының әкімі*

*Қ. Көшербаев*

Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы "28" ақпандағы № 340 қаулысымен бекітілген

## Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы

P/ с	Мамандық атауы	Мамандық коды	Жергілікті бюджет, орындар с а н ы (күндізгі оқу нысаны)		Бір маманды оқытуға жұмсалатын шығыстардың орташа құны (мың теңге)
			9 сынып негізінде	11 сынып негізінде	
1	2	3	4	5	6
<b>0100000 - Білім беру</b>					
1	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	0101000	50	25	480,02
2	Дене тәрбиесі және спорт	0103000		40	480,02
3	Бастауыш білім беру	0105000	20		480,02
4	Негізгі орта білім беру	0111000	80		480,02
<b>0300000 - Медицина, фармацевтика</b>					
5	Емдеу ісі	0301000	50	25	398,5
6	Медбикелік іс*	0302000	25	175	398,5
7	Лабораториялық диагностика	0305000	25		398,5
8	Фармация	0306000		25	398,5
9	Ортопедиялық стоматология	0307000		25	398,5
<b>0400000 - Өнер және мәдениет</b>					
10	Аспаптық орындау және музыкалық өнер эстрадасы (түрлері бойынша)	0404000	42	11	1229,81
11	Хор дирижеры	0405000	9	1	1229,81
12	Ән салу*	0407000	13	2	1229,81
13	Хореография өнері	0408000	9	1	1229,81
<b>0500000 - Қызмет көрсету, экономика және басқару</b>					
14	Телекоммуникациялық құралдар мен тұрмыстық техникаларды жөндеу және қызмет көрсету (салалар бойынша)	0502000	25		480,02
15	Шаштараз өнері және сәндік косметика*	0506000	50		480,02
16	Қонақ үй шаруашылығына қызмет көрсету және ұйымдастыру	0507000	40		480,02
17	Тамақтандыруды ұйымдастыру*	0508000	175	50	480,02
18	Туризм (салалар бойынша)	0511000	25		480,02
19	Маркетинг (салалар бойынша)	0513000	90		480,02
<b>0900000 - Энергетика</b>					
20	Электр станциялары мен желілерінің электр жабдықтары (түрлері бойынша)	0901000	50		480,02
21	Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)	0902000	40		480,02

22	Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары	0906000	65		480,02
23	Жылу-техникалық жабдық және жылумен қамтамасыз ету жүйелері (түрлері бойынша)	0907000	25	20	480,02
24	Электр және электр механикалық жабдықтар (түрлері бойынша)	0910000	20		480,02
1000000 - Металлургия және машина жасау					
25	Механикалық өңдеу, өлшеу- бақылау құралдары және өндірістегі автоматика	1013000	25		480,02
1100000 - Көлік (салалар бойынша)					
26	Токарлық іс және металл өңдеу (түрлері бойынша)*	1109000	75		480,02
27	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)*	1114000	100		480,02
28	Өндірістегі электрлік-механикалық жабдықтар (түрлері бойынша)*	1115000	50		480,02
29	Тоңазытқыш-компрессорлық машиналар және қондырғылар	1119000	25		480,02
1200000 - Өндіру, құрастыру, пайдалану және жөндеу (салалар бойынша)					
30	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану*	1201000	140		480,02
31	Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу*	1211000	220	25	480,02
32	Нан пісіру, макарон және кондитерлік өндірісі*	1219000	45		480,02
33	Балық өндірісі*	1221000		25	480,02
1300000 - Байланыс, телекоммуникация және ақпараттық технологиялар					
34	Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)*	1304000	20		480,02
35	Радиоэлектроника және байланыс (түрлері бойынша)	1306000	25		480,02
36	Оптикалық және электрондық құрал-жабдықтар (түрлері бойынша)	1309000	40		480,02
1400000 - Құрылыс және коммуналдық шаруашылық					
37	Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану*	1401000	345	50	480,02
38	Ішкі санитарлық-техникалық құрылғыларды, желдеткіштерді және инженерлік жүйелерді монтаждау және пайдалану (түрлері бойынша)*	1403000	75	25	480,02
39	Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану*	1405000	45		480,02
40	Жергілікті магистральдық және желілік құбырларды монтаждау*	1406000	20		480,02
41	Құрылыс бұйымдары мен құрастырылымдар өндірісі*	1412000	20		480,02
42	Жиһаз өндірісі (түрлері бойынша)*	1414000	25		480,02
1500000 - Ауыл шаруашылығы, ветеринария және экология					
43	Ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу*	1501000	75		480,02
44	Агрономия	1502000	20		480,02
45	Фермер шаруашылығы (бейін бойынша)*	1504000	120	100	480,02

46	Орман шаруашылығы, бақ-саябақ және ландшафт құрылысы (түрлері бойынша)*	1508000	20		480,02
47	Ветеринария*	1513000	20	25	480,02
Барлығы			2478	650	

Ескерту:

\* ерекше білім беруді қажет ететін азаматтардың арасынан кадрлар даярлау қарастырылатын мамандық.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК